

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына қарасты
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген ішкі
талдаудың
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

2023 жылғы «16» қазан

Ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт шағын ауданы, құрылыс 188 ғимараты.

Ішкі талдау жүргізудің негіздері:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (*Бұдан әрі – Кәсіпорын*) 2023 жылғы 08 қыркүйектегі №163н/қ бұйрығы.

Кәсіпорын бас дәрігердің 2023 жылғы 08 қыркүйектегі №163-н/қ бұйрығының «1» қосымшасына сәйкес, ішкі талдау жұмыс жүргізу бойынша тағайындалған жұмыс тобының персоналдық құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі:	Комплаенс-офицер:	Б.А. Әбен
Жұмыс тобының құрамы:	Бас дәрігердің орынбасары:	Г.Б.Идырова
	Бас есепші:	С.С.Абдикулова
	Кадр бөлімінің басшысы:	А.А.Абдиев
	Заң кеңесшісі:	М.К.Ережепов
	Бас мейіргер:	Х.Агманова

Ішкі талдауға өзге субъектілердің мамандары мен сарапшылары тартылған жоқ.

Ішкі талдаудың негізгі бағыттары

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Ішкі талдау барысында, Кәсіпорында орта медицина қызметкерлері арасында жоғарғы оқу орнында (Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті) «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша күндізгі ақылы бөлімде оқығандары белігі болды.

Яғни, анықтама бойынша мейіргердің оқу уақыты мен жұмыс уақыты сай келмейтіндігі, күндізгі оқу уақытысында мейіргер жұмыс орынында болатындығы жоғарғы оқу орны тарапынан тәуекел ретінде қаралды.

Тәуекел жоғарғы оқу орны (ЖОО) тарапынан қарастырылуда.

Жоғарғы оқу орнына (ЖОО) мейіргерлердің оқуын растауға, оқу уақытын білуге сұраныс хат жолданды.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 01 қаңтар мен 2023 жылғы 01 қыркүйек аралығында (9 айдың қортындысы) Кәсіпорынға 71 адам жұмысқа қабылданды.

Оның ішінде: 8 дәрігер, 21 орта медицина қызметкері (мейіргерлер), 31 кіші медицина қызметкері (тазалықшылар) және әкімшілік-шаруашылық бөлімге 11 қызметкер жұмысқа қабылданды. Жұмысқа орналасу барысы Enbek.kz электронды парталы арқылы жүзеге асырылды. Комплаенс-қызметкері - Кәсіпорынның Байқау кеңесінің хаттамасына сүйене отырып жұмысқа қабылданды.

Сондай-ақ, алдағы уақытта Кәсіпорынның кадр қызметкерлеріне Enbek.kz электронды парталына «бос жұмыс орындарын» уақытылы салуға ұсыныс білдіремін.

Жұмысқа қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Кәсіпорында, мейіргерлер мен тазалықшыларға, анонимдік сауалнама барысында, үш (3) сауалнамадан айлық жалақылары кестеге сәйкес, толық түспейтіндігі көрсетілді.

Сол себепті, мейіргерлер мен тазалықшылар қызметінің кестесін құру барысында мүдделер қақтығысына реттеу жұмыстары жүргізілді.

Алайда, кесте құру және айлық жалақы төлеу барысында ешқандай заң бұзушылықтар анықталмады. Алдағы уақытта, кесте құру бойынша тәртіпті тексеруді бақылау бойынша Кәсіпорын басшысына ұсыныс білдіремін.

3. Кәсіпорын бюджетін және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Кәсіпорын қызметінде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады, арыз-шағым түскен жоқ.

4. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бойынша:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалар тарапынан арыз-шағымдар болған жоқ.

5. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

6. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады. Арыз шағымдар болған жоқ.

7. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын қызметінде рұқсат беру функцияларын асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады, арыз-шағым түскен жоқ.

8. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының №38/-06-01/3404 хатына сәйкес сарапшының қорытынды беру, қызметкердің біліктілігі мен объективтілігі қаралу ұсынысы берілді. Ұсыныс негізінде сарапшыдан өтінім берілген медициналық техникасы бойынша қорытынды сұралды. Кәсіпорынның өтінім берілген медициналық техникасы бойынша талаптарға сәйкес екендігін сарапшы мәлімдеді, сарапшы тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

9. Мемлекеттік қызметтерді көрсету.

Мемлекеттік қызметтер ақылы және тегін түрде көрсетіледі. Ақылы қызметтер түрін және бағалары Кәсіпорынның ресми сайтында көрсетілген. Ал өзінің тіркелген емханасынан жолдамамен келгендерге тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау мақсатында Кәсіпорын тарапын пациенттер (науқастар) арасында анонимдік сауалнама парақтары таратылып, пациенттер тарапынан мемлекеттік қызметтердің түрлерін алу кезінде, ешқандай қиындық болмайтындығы көрсетілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтердің сапалы орындауына байланысты мониторинг жұмыстары тоқсан сайын жүргізіліп тұруына ұсыныс білдіремін.

10. Арыз-шағымдар бойынша:

Кәсіпорынның Е-Өтініш электрондық парталы арқылы жыл басынан бері 13 арыз-шағым келіп түсті.

Оның ішінде 7 өтініш, 1 көшірме (дубликат), 2 ұсыныс, 3 басқа хабарламалар (адресаты қате жіберілген).

- Өтініштерді саралау барысында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

- Сонымен қатар, өтініштерді талдау барысына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексінің 70 бабы 4)

тармақшасына сәйкес, 7 өтініш - арыз берушінің кері қайтарып алуына байланысты қараусыз қалдырылған.

- 2 ұсыныс, жеке кәсіпкер тарапынан медициналық жабдық алуға ұсыныған. Кәсіпоры таранан жауап ретінде тек мемлекеттік сатып алу бойынша конкурспен ғана алатынын көрсетіп жауап хат ретінде жолданды.


- 3 басқа хабарламалар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексінің 65-бабы 2) Жолданымда қамтылған бір немесе бірнеше өтінішхатты, талаптарды қарау өкілеттігіне кірмейтін әкімшілік органға, лауазымды адамға олар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде әкімшілік рәсімге қатысушыға бір мезгілде хабардар ете (хабарлай) отырып, уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға одан әрі жолданды.


Сонымен бірге, Кәсіпорын ғимаратында келушілерге арналған арыз-шағым мен ұсыныс қорапшасы қарастырылғын. Қорапшаны әр аптаның сәрсенбі күні, бекітілген комиссия мен ашып қаралады. Жыл басынан бері 4 алғыс хат түсіп, Кәсіпорын қызметкерлеріне алғысын білдірген. Қорапшада Кәсіпорынға және оның қызметкерлеріне арыз шағым түспегендігі анықталды.


Жұмыс тобы


Жұмыс тобының
жетекшісі:


Жұмыс тобының
құрамы:














Б.А. Әбен

Г.Б.Идырова

С.С.Абдикулова

А.А.Абдиев

М.К.Ережепов

Х.Агманова

Таныстым: Бас дәрігер _____



Г.Ж.Сыздыкова